

*Сабыр М.Б.,
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті,
Қазақстан*

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ БАШҚҰРТ ТІЛДЕРІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРІН САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ АСПЕКТІЛЕРІ

Аннотация. В статье сравнительным путем исследуются фразеологические единицы казахского и башкирского языков. Проанализированы общая история казахского и башкирского народов и их кипчакская основа. В статье исследованы фразеологические параллели, полностью соответствующие лексическому составу и значению общей для двух языков фразеологии, фразеологические параллели, компоненты которых отличаются друг от друга, хотя значения полностью совпадают. Также проводится комплексный анализ фразеологии, перенесенной из русского языка методом калькирования, исторических фразеологизмов, фразеологизмов с лингвокультурными особенностями. Доказано, что кипчакская основа казахского и башкирского языков хорошо сохраняется не только на фонетическом и морфологическом уровнях, но и на лексическом, в том числе фразеологическом.

Abstract. The article comparatively investigates the phraseological units of the Kazakh and Bashkir languages. The general history of the Kazakh and Bashkir peoples and their Kipchak basis are analyzed. The article investigates phraseological parallels that fully correspond to the lexical composition and meaning of the phraseology common to the two languages, phraseological parallels, the components of which differ from each other, although the meanings completely coincide. Also, a comprehensive analysis of phraseology, transferred from the Russian language by the tracing method, historical phraseological units, phraseological units with linguistic and cultural characteristics is carried out. It has been proved that the Kipchak basis of the Kazakh and Bashkir languages is well preserved not only at the phonetic and morphological levels, but also at the lexical, including phraseological.

Ключевые слова: тюркские языки; древнекипчакский язык; казахский язык; башкирский язык; фразеология; лингвокультурология.

Keywords: Turkic languages; ancient Kipchak language; the Kazakh language; the Bashkir language.; phraseology; linguo-culturology.

Түркі өркениеті ХХІ ғасырда жаңа кезеңге аяқ басты. Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н.Ә. Назарбаев «Ұлы Даланың жеті қыры» атты мақаласында Қазақстан – күллі түркі халықтарының қасиетті «Қара шаңырағы» дей отырып, «Түркі өркениеті: түп тамырынан қазіргі заманға дейін» атты жобаны ұсынды [Назарбаев, 2018]. Осы жоба аясында түркі әлемінің ортақ мәдени құндылықтарын, тарихи, мәдени ескерткіштерін анықтау және жүйелеу; түркі халықтарының ұлттық мәдениеттерінің дамуына ықпал ету, олардың тума, табиғи ерекшеліктерін сақтау; гуманитарлық салада әлемдік интеграциялық үдерістерді ескере отырып, түркі тілдері мен мәдениетінің қуат-күшін жасөспірімдерге тәрбие беру ісін де көрсету мақсатында Қазақстанда кешенді ғылыми зертеулер қолға алынуда.

Түркі тілдес халықтардың бір кездегі ортақ менталдық кеңістіктен өріс алып тарағаны даусыз. ХХІ ғасырда «түркі әлемі», «түркі әлемінің тілдік бейнесі» деген ұғымдардың жаңғыруы да, қалыптасуы да заңды құбылыс. Бұл

тілтанымдық мәселерді жарыққа шығарады. Түркілік біртұтас дүниетанымды тарих үдерістерден, кеңістік пен уақыт бедерінен іздей отырып, түркі әлемінің тілдік бейнесін зерттеудің өзектілігі айқындалады. Түркі әлемінің тілдік бейнесін кешенді зерттемес бұрын, жекелеген тілдік топтардың тілін, сөздік қорын салыстыра зерттеу қажет. Түркі дүниесінің бір тармағы ғасырлар бойы Еуразия кеңістігінде біте қайнасып келе жатқан Еділ-Жайық бойы түркі халықтары. Оның ішінде қазақ, башқұрт халықтарының бауырластығы мен тарихи даму үдерістері өте тығыз. Бұл халықтарының ұлт болып қалыптасу жолына үніліп қарасақ, қилы-қилы тарихи кезеңдерді басынан кешіргенін көреміз. Бүгінгі қазақ пен башқұрттардың түп төркіні – көне қыпшақтар. Қыпшақтар тарихта мың жылдан астам уақыт бойы белгілі.

Араб зерттеушілерінің еңбектерінде қыпшақтар IX ғасырда белгілі болған [Кумеков, 1987]. VIII ғасырдың II жартысы мен X ғасыр аралығында шығыста Алтай мен Ертістен, батыста Оңтүстік Орал мен Еділге дейінгі аралықта қыпшақтардың этникалық бірлестігі одан әрі қалыптаса бастады. Алғашында олар көршілес кимек тайпаларымен бір одақта болып, кимек мемлекетінің құрамына кіріп, саяси жағынан кимек қағанына бағынышты болды, әрі түркі тілдес құман, оғыз, башқұрт, пешенег, қарлұқ, қаңлы тайпаларымен тығыз байланыс орнатады. XI ғасырдың басында кимек, қыпшақ және құман тайпалары қоныстанған аумақта әскери-саяси үстемдік қыпшақ хандарының қолына көшті. XI ғасырдың екінші ширегінде қыпшақтардың әскери-тайпалық шонжарлары Сырдарияның төменгі және орта аңғарынан, Арал өңірі мен Каспий маңынан оғыз жабғуларын ығыстырды. XI ғасырдың екінші ширегінен бастап ұлы дала «Қыпшақтар даласы» («Дешті Қыпшақ») деп аталатын болды.

Қыпшақ одағына кірген түркі тайпалары қыпшақтанып, олардың тілдері қыпшақ тілінің ығында қалып, қыпшақ тілі тұтас мемлекеттік, тіпті халықаралық тіл деңгейіне көтерілді. Кейін монғол үстемдігі кезінде құрылған Алтын Орда қыпшақтардың негізгі отаны болды. Сол қыпшақтар қазақ халқының ұлт ретінде тарихтан өзіне лайық орын алуына, сондай-ақ қарақалпақ, башқұрт, татар, ноғай, қырым татарлары, қарашай, балқар, құмық, қарайым, алтай, қырғыз халықтарының ұлт болып қалыптасуына игі ықпалын тигізді.

Қазақ, башқұрт халықтарының тарихи, мәдени даму үдерісін тілдік деректерден айқын байқаймыз. Тіл-тілдегі фразеологиялық қор әр ұлттың өмірінің айнасы іспеттес. Қазақ тіл білімінде тұрақты тіркестер XX ғасырдың екінші жартысынан бастап күні бүгінге дейін әр қырынан зерттеліп келе жатыр. Профессор С.Аманжоловтың өз тұсында “Қазақ тілі идиомалар мен фразеологиялық тіркестерге өте бай. Біздің ойымызша, идеомалық және фразеологиялық оралымдар қазақ халқының ойлау жүйесін зерттеуді және тілдегі мазмұн мен форманы қарастырудың тамаша нысанасы бола алады” деген сөзінің маңызы зор [Аманжолов, 1997: 254].

Қазақ фразеологиясы жеке лингвистикалық сала ретінде қалыптасып, XX ғасырдың соңында жаңаша бағытта “адам-тіл-мәдениет” үштігі негізінде антропологиялық парадигмаға көшу үстінде. Дегенмен де бұл салада да ақтандақтар баршылық. Түркі әлемінің тілдік бейнесін анықтау үшін туыс

тілдердің, әсіресе қазақ-башқұрт тіліндегі фразеологиялық паралельдерді зерттеу аса маңызды. Фразеологизмдер тек екіншілік бейнелі атау емес, ұлттық танымның, мәдениеттің көрінісі. Түркі фразеологизмдерін тарихи салыстырмалы тұрғыдан тереңірек сөз еткен З.Г.Ураксин болды. Ғалым өзінің «Башқұрт тілінің фразеологиясы» атты монографиялық еңбегінде түркі тіліндегі ортақ фразеологизмдерге арнайы тоқталып, оларды екі топқа бөліп қарастырды: 1) Алыс туыстас тілдердегі ортақ фразеологизмдер тобы; 2) Жақын туыстас тілдердегі оның ішінде башқұрт тілі енетін қыпшақ тілдері тобы фразеологизмдері [Ураксин, 1975]. Жақын туыс тілдердегі фразеологизмдерді салыстыра келіп, бұлардың ортақ белгілерімен қатар өзіндік айырмашылықтары бар екенін де көрсетті. Тарихи салыстырмалы зерттеулер жеке туыс тілдердің фразеология теориясын қалыптастыруда маңызы зор.

Қазақ және башқұрт тіліндегі фразеологизмдерді мынадай топтарға жіктеуге болады:

1. Лексикалық құрамы мен мағынасы толық сәйкес келетін фразеологиялық паралельдер;
2. Мағынасы толық сәйкес келгенімен компоненттері тұлғалық жағынан ерекшеленетін фразеологиялық паралельдер;
3. Орыс тілінен калька тәсілі арқылы ауысып келген фразеологизмдер;
4. Ұлттың жүріп өткен тарихынан ақпарат беретін фразеологизмдер;
5. Ұлттық тұрмыс -тіршіліктің дерек көзі ретінде лингвомәдени ерекшелігі бар фразеологизмдер;

Лексикалық құрамы мен мағынасы толық сәйкес келетін фразеологиялық паралельдер. Бұл фразеологизмдер екі тілде де бір-біріне өте ұқсас, мағынасы да, компоненттерінің саны да бір-біріне сәйкес келеді. Тек әр ұлттың өзіне сай фонетикалық ерекшеліктері байқалады. Мысалы: тауықтың түсіне тары енеді (қаз.)-тауық төшөнә тары инә (башқ.), темірді қызуында соқ(қаз.)- тимерзе қызуында һук(башқ.), түтіні тура шығады(қаз.) – төтөнө тура сыға(башқ.), ат аунаған жерде түк қалады(қаз.)- ат аунаған ерзе төк қала(башқ.), арпа ішінде бір бидай (қаз.)- арпа эсендә бер бизай(башқ.), күлін көкке ұшыру(қаз.) - көлөн көкко осороу(башқ.), көзді ашып жұмғанша(қаз.) -күз асып йомғансы(башқ.), араларынан қыл өтпеу(қаз.) – араларынан қыл да үтмәй (башқ.).

Бұндай фразеологиялық паралельдер екі тілдің туыстығын, қыпшақтық ортақ белгілерінің фразеологизмдердің қорында жақсы сақталғандығын көрсетеді.

Мағынасы толық сәйкес келгенімен компоненттері тұлғалық жағынан ерекшеленетін фразеологиялық паралельдер. Көне башқұрт тайпалары Оңтүстік Оралға көшіп қоныстану барысында ғұн, бұлғар, печенег, оғыз жәнеи фин угор тайпаларымен қарым-қатынаста болды. Осы тарихи араласу үдерістері ізі тілде, тіл арқылы башқұрт халқының өмірінде, мәдениетінде сақталған. Зерттеушілердің қыпшақ бұлғар тілдерін, әсіресе, башқұрт тілінің консонантизм ыңғайында көне түркілік жүйеге жақындығын, батыс хун тобындағы кейбір тілдерге (хакас, тува, якут) жуықтайтынын айтатындығын

ескере келе, профессор М.Томанов башқұрт тілін фонетикалық ыңғайда қыпшақ тобындағы тілдерді шығыс түркі тілдерімен «жалғастырушы звено» дегенді айтады[5, 299]. Міне, осындай этникалық ерекшеліктер уақыт көшімен бірге тілде де крініс тапқан. Соның нәтижесінде фразеологизмдерінде де күрделі өзгерістер пайда бола бастаған. Мысалы, боғазынан алыу-алқымынан алу, танау күтәреу-тұмсығын көтеру, морон тығыу-тұмсығын тығу, башына етеу-түбіне жету, башым ике түгел -басым екеу емес, башын ашау-басын жұту, бит бешеу-беті кую т.б. Мұндай айырма белгілер башқұрт тілі материалдарында мол көрініс тапқан.

Орыс тілінен калька тәсілі арқылы ауысып келген фразеологизмдер. Еділ-Жайық бойындағы түркі халықтары ежелден орыс халқымен тығыз әлеуметтік-саяси және территориялық тығыз байланыста болды. Сөз жоқ, бұның өзі әсіресе қыпшақ-бұлғар тілдердің дамуына ықпал етіп, өзіндік ізін қалдырды. Бұл жағдаятты орыс тілінен калька тәсілі арқылы енген фразеологизмдерден анық байқаймыз. Башқұрт тілінде мұндай тұрақты тіркестердің мол қоры ұшырасады. Мысалы, бармак үтә карау – «смотреть сквозь пальцы», үз аршыныңа үлсәу «мерить на свой аршин», мыйығы һалынып төшөу «у него отвисли усы», себендән фил ясау «делать из мухи слона», гүр тынлығы «гробовая тишина», кыл да кыбырзытмау «и волоса не шевельнуть» т.б. Қазақ тілінде фразеологиялық калькалар башқұрт тіліндегідей көп болмаса да кездесіп отыратынын жоққа шығара алмаймыз. Саяси-әлеуметтік, мәдени байланыстар сөз жоқ тілде өз ізін қалдырады. Мәселен, қасқырдан қорыққан тоғайға бармас- «волка бояться – в лес не ходить», қасқырды сұрлығы үшін емес, ұрлығы үшін ұрады-«не зато бьют, что он сер, а за то, что овца съел», ештен кеш жақсы-«лучше поздно, чем никогда», балықшы балықшыны алыстан көреді –«рыбак рыбака видит из далека».

Ұлттың жүріп өткен тарихынан ақпарат беретін тарихи фразеологизмдер. Қазақ, башқұрт фразеологиясында этнолингвистикалық зерттеу тәсілдерімен танылатын бір алуан тұрақты тіркестер тек тарихи оқиғалар мен тарихи адамдардың есіміне байланысты айтылып, бертін келе фразеологизмдер қатарына енген. Бұл тіркестердің ішкі мазмұнында халық, ұлт өмірінің басынан өткен оқиғаларының мазмұны мен тарихы жатыр. Тарихи фразеологизмдер өткен күндерден ақпарат береді. В.М.Мокиенконың пікірінше «...концептная информация добывается фразеологами прежде всего на основе исторической фразеологии, т.е. погружением во внутреннюю форму фразеологизма» [Мокиенко, 2008: 20]. XVIII ғасырдағы қазақ-жоңғар соғысының салдарын бейнелейтін «Ақтабан шұбырынды алқа көл сұлама» тұрақты тіркесі әлі күнге дейін халық жадында сақталған. Ал Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қиындықты «сын сағат» деп бағалаған. 1928 жылдардағы кеңес үкіметінің жүргізген байларды тәркілеу саясатын «асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» деген фразеологизмнен ұғамыз. Ал Қазақстандағы Голощекин саясатын С.Сейфуллин «тар жол тайғақ кешу» атаған. Тарихи фразеологизмдер тарихтың белгілі бір кезеңінен хабар береді. Башқұрт халқының да бастан кешкен тарихи оқиғаларының ізі тілде фразеологизм күйінде сақталған. Мәселен, Мамай заманында «во времена Мамая», кырым сиреулей, дарыны

коро тоту «держатъ порох сухим», Әндрей казынасы, Әндрей әбете, әби патша заманында «при царе горохе» сияқты тұрақты тіркестер тарихтың әр кезеңінен хабар береді.

Сонымен тарихи фразеологизмдер тіл арқылы мәдениеттанудың құрамды бөлігі ретінде тіліміздегі тұрақты тіркестер қорында ақпараттық мәні басым болуына қарай өміршеңдігімен ерекшеленеді [Смағұлова, 2020: 26].

Ұлттық тұрмыс-тіршіліктің дерек көзі ретінде лингвомәдени ерекшелігі бар фразеологизмдер. Түркі тілдері фразеологизмдерінің лингвомәдени ерекшеліктеріне үлгі ретінде қыпшақ тобындағы қазақ және башқұрт тілдеріндегі тұрақты тіркестерді салыстыра қарастыруға болады. Әр ұлттың мәдени өмірінен із қалдырған тілдік бірліктердің әсіресе, фразеологизмдердің мәдени коннотациясы өте құнды деректер ретінде лингвомәдениеттанудың аспектісі бола алады. Мәселен, көне дәуірлерден басталатын башқұрттар мен қазақтардың мәдени өмірінің тарихы тілдің кумулятивтік қасиетімен бейнелі суреттеліп, лингвомәдени ерекшеліктері ұлт айнасы ретінде көрінеді. Фразеологизмдер арқылы ортақ түркілік, қыпшақтық және ұлттық әлем суретінің концептуалдану ерекшеліктерін саралауға болады.

Қыпшақ тобындағы халықтардың ішінде татар, башқұрт халықтары ертерек отырықшылыққа көшкендіктен болар, бұл халықтардың үй құстарын, әсіресе, қаз, үйрек секілді түрлерін ертеден өсіреді. Сол себепті де олардың атауы да басқа тілдерге қарағанда татар, башқұрт фразеологизмдерінде мол ұшырасады [Қалыбаева, 2009: 278]. Башқұрт тілінде төлөгән тауық кеуек «жүнін жұлған тауықтай», тултырған тауық кеуек «толық денелі адам», тауық Һүләп битермәс «өте көп, мол», үрдәк биреп қаз алған «пайдакүнем, есепшілдік».

Ал қазақ тілінде төрт түлік мал, яғни жылқы, түйе, қой, ешкі, сиыр атаулары тірек болған фразеологизмдер жиі кездеседі. Көшсе көлігі, ішсе асы болатын жылқы, түйе және қой атаулары фразеологизмдер жасауда өте өнімді, ал сиыр атауы өте сирек. Бұл сиыр малының көшіп-қонуға ыңғайлы емес түлік екенін және қазақтар кейінгі ғасырларда пайдалана бастаған мал екенін көрсетеді. Мәселен, қазақ тілінде «молшылықты, қуанышты» білдіретін «ақ түйенің қарны жарылды» деген тұрақты тіркес бар. Орыс тіліне сөзбе-сөз аударсақ «У белого верблюда брюхо распоролось». Дегенмен орыс тіліндегі «пир на весь мир», «из рога изобилия» деген тұрақты тіркестермен мағына жағынан сәйкес келеді. Қазақ халқының шаруашылығында жылқы сәндік, түйе байлық деп есептеліп, ақ түйе малдың басы, жақсы тұрмыстың, байлықтың кепілі ретінде саналған. Ш.Уәлиханов мынадай мәлімет береді: «...раньше, когда кто-либо из близких людей отправлялся в опасный поход или дальнее путешествие, или когда долго ждали наследника, родственники клялись принести в жертву белого верблюда при счастливом исходе» [Валиханов, 1996: 477]. Академик А. Кайдар «Это объясняется тем, что верблюд белой масти у казахов символизировал собою нечто святое, сакральное. И, естественно, приношение именно белого верблюда, с другой стороны, доставляло большой запас провизии, который хватил бы для

угощения массы народа, т.е. устроить пир на весь мир. Таковы мотивы образования фразеологизма» [Кайдаров, 1989: 23].

Қорыта айтқанда қазақ және башқұрт тіліндегі фразеологиялық параллельдер қыпшақтық тек тамыры ажырамаған, жалпы түркілік тарихи даму үдерістерінен бірге өткен тілдік бірліктер. Осы фразеологизмдердің бойынан әр ұлттың біртұтас түркілік мәдениетімен қатар, кейінгі дәуірлердегі ұлттық даралану сипатын да көреміз. Ұлттық ерекшеліктерді, лингвомәдени белгілерді бойына сақтаған фразеологизмдер әр ұлттың өзіндік даму, қалыптасу үрдісін де білдіреді. Қазақ, башқұрт тілдерінің қыпшақтық негізі фоно-морфологиялық деңгейде ғана емес, лексикалық деңгейде, оның ішінде фразеологизмдерде айқын сақталған.

Әдебиеттер:

1. **Валиханов, Ч. Ч.** Полное собрание сочинений. В 5 томах. Т. 1. – Алматы : Наука, 1996. – 431 с.
2. **Ураксин, З. Г.** Фразеология башкирского языка / З. Г. Ураксин. – Москва : Наука, 1975. – 210 с.
3. **Мокиенко, В. М.** Когнитивное и акогнитивное во фразеологии / В. М. Мокиенко // Идиоматика и познание. – Белгород, 2008. – 360 с.
4. **Назарбаев, Н. Ә.** Ұлы даланың жеті қыры / Н. Ә. Назарбаев // Егемен Қазақстан. – 2018.
5. **Кумеков, Б. Е.** Арабские и персидские источники по истории кыпчаков VIII–XIV вв. / Б. Е. Кумеков. – Алма-Ата : Наука, 1987. – 160 с.
6. **Аманжолов, С. А.** Қазақ әдеби тілінің және диалектологиясының мәселелері / С. А. Аманжолов. – Алматы : Ғылым, 1997. – 452 б.
7. **Томанов, М.** Қазақ тілінің тарихи грамматикасы / М. Томанов. – Алматы : Мектеп, 1988. – 204 б.
8. **Смағұлова, Г.** Қазақ фразеологиясы лингвистикалық парадигмаларда / Г. Смағұлова. – Алматы : Елтаным, 2020. – 256 б.
9. **Қалыбаева, Қ. С.** Салыстырмалы түркі фразеологиясы / Қ. С. Қалыбаева. – Алматы, 2009. – 404 б.
10. **Кайдаров, А. Т.** Образно-фоночная основа устойчивых выражений, связанных со скотоводством в казахском языке / А. Т. Кайдаров // Известия Академии наук Казахской ССР. Серия филологическая. – Алматы, 1989.